

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ**

**ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША  
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**

**№2 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

20.10.2023ж.

**Қатысқандар:** АК төрағасы - PhD, доцент м.а. Е.Б. Жиенбаев, АК мүшесі, академиялық персонал - PhD А.Қ. Мейірбеков, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Н.Д. Қошанова, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Ж.К. Суинжанова, АК мүшесі, академиялық персонал - А.Д. Байдаулетова, АК мүшесі, академиялық персонал - Ы.Е. Нурмагомбетова, АК мүшесі, академиялық персонал - Ш.А.Каримова, АК мүшесі, академиялық персонал - С.А. Қонысова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – М.Еділбаева, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – М.Е. Нұралы, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Н.С. Зарбат, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – А. Қуанышбекқызы, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Р.Ж. Ашимов, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Е.Н. Бектаев, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Хакан Кылауыз.

**Күн тәртібі:**

1. Кадрларды дайындау нарығына талдау жүргізу.
2. Бакалавр деңгейіндегі бітіруші білім алушылардың дипломдық жоба тақырыптарына талдау.
3. Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

**Тыңдалды:**

**АК төрағасы Е.Б. Жиенбаев:** Құрметті академиялық комитет мүшелері, күн тәртібінде екі мәселе бар. Бірінші мәселе бойынша сөз кезегі, АК мүшесі PhD А.М. Мейірбековке беріледі.

**АК мүшесі, академиялық персонал - PhD А.Қ. Мейірбеков:** Елімізде әлеуметтік экономикалық дамудың қарқынды жүріп жатқаны рас. Осы тұрғыда қазақ тілімен қатар шетел тілдерін жетік меңгерген мамандарға сұраныс көп. Түркістан қаласы –туристік орталық ретінде күн сайын жанданып келеді. Оқу ордамыздың әлемдік рейтингте алдыңғы қатарлы университеттер арасында табылуы оқытушы құрамы мен білімгерлеріміздің біліктілігі мен дәрежесінің айқын көрсеткіші. «Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігіне (АРТА)» білім беру бағдарламасы бойынша жасалған постмониторинг есебінің нәтижесі бойынша кадрларды дайындау нарығында тіл мамандарына қажеттілік бар екендігі айқындалды. Жұмыс берушілер мен оқу ордамыз арасында тығыз қарым қатынас жасалуы – заман талабы. Білімгерлеріміздің практикадан өтіп жүрген мекемелердің де түлектерімізді



жұмыспен қамтамасыз ету мүмкіншілігі мол. Кәсіби бағдар жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылу қажет. Жаңа жұмыс орындары мен білім беру орталықтарының ашылуына байланысты алдағы уақытта тіл мамандарына деген сұраныстың арта түсері сөзсіз. Сонымен қатар түлектеріміздің арасында білімін жетілдіру мақсатында отандық және шетелдердегі жоғарғы оқу орындарында магистратура мен докторантура оқып жүргендері де аз емес. Егемен еліміздің жарқын болашағын қалыптастыруда білікті түлектеріміздің үлесі елеулі. Дегенмен де қазіргі жетістікті ары қарай жалғастырып, бәсекеге қабілетті елімізде білікті мамандарды дайындау үдерісін заман талабына сай жаңа электронды көкнекіліктермен жабдықталған ортада және жүйеді түрде тиімді әдіс-тәсілдермен өтілетен пәндер арқылы дамытуымыз қажет. ББ жоспарлау мен құрастару кезеңінде осы мәселелерді назарда ұстағанмыз жөн.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алған **АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Ж.К. Суинжанова** 2023-2024 оқу жылында соңғы сыныптарда оқып жүрген бітіруші білімгерлерге арналған дипломдық жұмысы мен жобасы жайлы жазылған нұсқаулықпен таныстырды. Жетекші мен білімгердің міндеттері көрсетіліп, шарттар баяндалды. Қорытынды аттестаттау тапсыратын білімгерлер саны мен қабылдау түрінің кестесін көрсетіп, Тілдер және әдебиет даярлау бағытындағы барлық бітіруші білімгерлердің дипломдық жоба жазуды таңдағанын тілге тиек етті. Осы тұрғыда ұсынылған жоба тақырыптары кафедралардың мәжілістерінде қарастырылғанына тоқталды.

Жоба тақырыптары талданып, АК мүшелерінің ортақ шешімі бойынша қабылданды.

**АК мүшесі, академиялық персонал - Ы.Е. Нурмагомбетова:** күн тәртібіндегі үшінші мәселеге қатысты сөз қозғап, қазан айында ББ бойынша атқарылған жұмыстарға шолу жасады. Тақырып бойынша оқу ордамызда ұйымдастырылып жүрген әдістемелік іс-шаралардың маңызды екенін атап айтты. Академиялық ұтқырлық арқылы немесе конференцияға қатысу, т.б. мақсатта оқу ордамызға келген оқытушылар мен ғалымдардың семинар жасауына жағдай жасап, кездесу ұйымдастырудың оң нәтижеге жетелейтінін жеткізді.

**АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Р.Ж. Ашимов,** қазіргі таңда аударма саласында білікті мамандардың аз екеніне тоқталып, теориялық білім мен практикалық іс-шаралар барысында аударма теориясының жан-жақты танытылуының маңызын түсіндірді. Алдағы уақытта комиссия шешімімен аударма орталығына білікті аудармашыларды алуға дайын екенін баяндады.


Мәжіліске қатысқан өзге жұмыс берушілер де білікті жас мамандарды жұмысқа қабылдауға дайын екендіктерін атап айтты. Осы орайда жұмысқа орналасу үшін Юнус Эмре институты тарапынан берілетін Türkçe Yeterlilik Sınavı (TYS), International English Language Testing System (IELTS), Test of English as a Foreign Language (TOEFL) т.б. халықаралық тіл сертификаттарының артықшылықтары түсіндірілді.



**Шешім:**

1. Кадрларды дайындау нарығына жүргізілген талдауларда білім алушылар мен жұмыс берушілердің ұсыныстары назарға алынсын.
2. Бакалавр деңгейіндегі бітіруші білім алушылардың дипломдық жоба тақырыптары бекітілуге жіберілсін.
3. Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:  **Е.Б. Жиенбаев**

Хатшысы:  **С.А. Қонысова**